

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Тайм менеджмент. Паркинсон заңдылығы

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.07.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/141318/

Паркинсон заңдылығы сипаттамасы;

Әдетте адамдар да бір істі аяқтауға бос уақыты 5 сағат болса, ол сол 5 сағаттың барлығын пайдаланады. Әдетте жарты сағатта бітіретін істі сағаттап созып отырамыз. Бұл әйгілі “Паркинсон заңдары” атты кітаптағы тұжырым

Бұл заңдылықты болдырмау үшін қандай қадамдар жасаған дұрыс?

Алғашқы қадам уақытты жоспарлау. Жоспарсыз адам қара жердегі қаңбақ тәрізді. Өз алдыңызда белгілі бір уақыт аралығында қол жеткізерліктей жоспар жазыңыз.

Келесі қадам өз назарыңызды бір іске ғана бағыттау. Адамның миының энергиясы – күннің сәулесі секілді, яғни ол жан-жағына шашырайтын болса еш жерден өрт шығармайды. Ал күннің сәулесін лупа арқылы бір бағытқа бағыттасақ, өртеуі мүмкін емес пе?

Өзіңізге есеп беріңіз!

Ұлы ақын Абай Құнанбаев өзінің он бесінші қара сөзінде:

«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?» — деген сөз бар.

Мысал ретінде қарапайым мұғалімді алайық. Мұғалім жыл аяқталысымен есеп тапсырады. Басқа да жұмыстарда да дәл солай. Ал осы әдісті біз күнделікті өмірде қолданатын болсақ өмірімізде оі көптеген жоспарларды уақытында жасап бітіретін едік.

Осы кеңестерді ұстанатын болсақ, бұл көлемі үлкенірек жобаны басқарылатын етеді және жедел бітіруге көмек береді. Жобаның аяқталу күні тез жақындамаса да, тапсырманы соңғы мерзіміне қалдырмау үшін таптырмас кеңестер

Томирис Жиенбаева

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.